

Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 1 және 5-тармақтарын, 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 74-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 19/2 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілдері - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Х.Д.Көшқалиевтің және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі аппаратының Заң шығару және мониторинг орталығының директоры Қ.Т.Жақыпбаевтың;

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі В.К.Фоостың;

Қазақстан Республикасы әділет вице-министрі А.Н.Котловтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 52-бабы 1 және 5-тармақтарын, 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 74-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі өтінішін қарады.

Қолда бар материалдарды зерделеп, баяндамашылар - Конституциялық Кеңестің мүшелері А. Есенжанов пен А.К.Котовты, отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 52-бабы 1 және 5-тармақтарын, 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 74-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі өтініші келіп түсті.

Өтініш субъектісі бұл ретте мынаны түсіндіріп беруді сұрайды:

1) Конституцияның 52-бабы 1-тармағының ережесі саяси партия тізімінің негізінде сайланған Парламент депутаты өз өкілеттігін орындауы кезінде депутаттың позициясына ықпал ету үшін саяси партияға кедергі болып табыла ма? Партиялық тізім негізінде сайланған депутатты оның позициясы партияның саяси бағытынан алшақ болуына байланысты партия мүшелігінен шығару депутаттың өкілеттігін тоқтатуға апарып соқса, Конституцияның осы нормасын бұзу ретінде қаралуы мүмкін бе?

2) Қазақстан Республикасы Конституциясы 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында жазылған "Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді" деген тұжырым Конституциялық Кеңестің кеңейтіп түсіндіру құқығын және Конституцияда тікелей жазылмаған нормаларды жасайтын түсінік беру мүмкіндігін көздей ме?

3) Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағында көзделген Конституциялық Кеңестің шешімі "түпкілікті" дегенде нені түсіну керек? Конституциялық Кеңес Конституцияның белгілі бір нормасы бойынша жаңа шешім қабылдауы мүмкін бе?

Өтініште атап көрсетілгеніндей, бұл сұрақтарды түсіндіру қажеттілігі Конституцияның жоғарыда аталған нормалары мен Конституциялық Кеңестің қолданыстағы 1997 жылғы 16 мамырдағы N 11/2 S970011_ мен 23 мамырдағы N 12/2 S970012_ және 2001 жылғы 17 мамырдағы N 7/2 S010007_ үш қаулыларын қолданудағы қиыншылықпен анықталады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 1 және 5-тармақтарын, 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 74-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру кезінде, Конституциялық Кеңес мыналарды ескерді:

1. Күші жойылды – ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.

2. Конституцияның K951000_ 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі "Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді" деп көзделген.

Сол арқылы Конституция өзінің ішіндегі нормаларға ресми түсіндірме беру үшін Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне айрықша құқық берді.

Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру дегеніміз, Конституциялық Кеңестің конституциялық нормалардың мазмұны мен мағынасын анықтауы және түсіндіруі. Ол, конституциялық нормалардың кейбіріне дерексіздік пен арнайы терминология тән болғандықтан, сондай-ақ Конституцияның жекелеген ережелерін өтініш субъектілері анық қабылдай алмауына және оларды қолдану практикасында қайшылықтар туындауынан келіп шыққан.

Конституцияның нормаларын ресми түсіндіре отырып, Конституциялық Кеңес тәуелсіз болады және тек Конституцияға ғана бағынады. Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беру құқығынан, Конституциялық Кеңес шешімдерінің, Конституциялық Кеңестің түсіндіру нысаны болған нормалардың заңдық күшіне тең, заңдық күші келіп шығады. Конституциялық құқықтың нормалары, Конституцияның 4-бабының 1-тармағымен Қазақстан Республикасында қолданылатын құқықтың қайнар көзі болып танылған, Конституциялық Кеңестің тиісті қаулыларының ережелерімен бірге қолданылады. Конституциялық норманың тоқтата тұрылуы, жойылуы немесе

өзгертілуі Конституцияның нормасын ресми түсіндіру жөніндегі Конституциялық Кеңестің тиісті қаулысының тоқтата тұрылуына, жойылуына немесе өзгертілуіне әкеп соқтырады.

Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру - бұл нормативтік түсіндіру, оны Конституциялық Кеңес Конституция нормаларының мазмұнынан үзінді алып, анықтаудың түрлі тәсілдері көмегімен Конституция нормаларының сөзбен берілген мағынасына сәйкес береді. Түсіндірудің көлемін алдын-ала белгілеу мүмкін емес, Конституциялық Кеңес Конституция нормаларын ресми түсіндірудің ғылыми заңдық әдістерін таңдауда тек Конституцияның өзіне ғана тәуелді. Конституция нормаларының, оның жалпы ережелерімен және принциптерімен қисынды түрде байланыстылығы мен қабаттастығы назарға алынады. Конституциялық Кеңестің нормативтік түсіндірулері, Конституция нормаларын тек өтініш субъектілерінің мәселелері бойынша ғана түсіндіруге жағдай жасай отырып, бұл нормалардың мағыналық түсіндірмесін тікелей конституциялық реттеу үшін толықтыра түседі. Бұл орайда Конституциялық Кеңестің, Конституцияның нормаларынан келіп шығатын, құқықтық позициясы Конституцияның өзіне сәйкес келеді.

Конституцияның мазмұнынан, онда жазылған нормалардан, жалпы ережелер мен принциптерден тікелей келіп шықпайтын ұйғарымдарды Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жасамайды. Конституцияның нормаларын түсіндіре отырып, Кеңес конституциялық реттеу нысанының шегінен шығып кетпейді.

3. Конституция 74-баптың 3-тармағында Конституциялық Кеңес шешімдерінің жалпыға бірдей заңдық күшін баянды етіп, күшіне енуінің кідіріссіз тәртібін белгілейді.

Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктілігі оның заңдық күшінің ажыралмас қасиеті болып табылады, ол қорытынды қаулы қабылдау арқылы конституциялық іс жүргізудің қисынды түрде аяқталғанынан айғақ береді. Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктілігі оның сол бәз-бір себеп бойынша өтініш беру субъектісі үшін, сондай-ақ сөзсіздігіне меңзейді, өйткені Конституцияның К951000_ 74-бабы 3-тармағына сай, Конституциялық Кеңестің шешімдері "шағымдануға жатпайды". Бұл, шешімге шағымдануға ешкімнің құқығы да, ондай саты да жоқ, дегенді білдіреді. Сонымен бірге, ерекше жағдайларда конституциялық құқықтың нормаларында Конституциялық Кеңестің өзі үшін, қолданыстағы қаулыны қайта қарау немесе оны түсіндіру жөнінде қосымша қаулы қабылдау мүмкіншілігі жоққа шығарылмайды.

Конституциялық Кеңестің қаулылары тек Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана негізделеді және өзге нормативтік құқықтық актілер оларға қайшы келмеуге тиіс. Конституциялық Кеңестің қаулыларында баяндалған құқықтық позициялардың күші, Кеңес конституциялық емес деп тапқан заңдық нормаларды қайта қабылдау арқылы еңсерілмейді.

Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру туралы Конституциялық Кеңестің қаулылары Қазақстан Республикасының аумағында барлық мемлекеттік өкімет,

жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, лауазымды тұлғалар, азаматтар мен олардың бірлестіктері үшін міндетті.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 40-бабына сәйкес, Конституциялық Кеңес өзі қабылдаған шешімдерді орындау тәртібін белгілеуге хақылы. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар, Конституциялық Кеңес белгілеген мерзім ішінде, Конституциялық Кеңестің шешімін орындау бойынша қабылданған шаралар туралы оған хабарлауға міндетті.

Конституциялық Кеңестің Конституцияның сол бәз бір нормасы бойынша жаңа шешім қабылдауы өзге мәселеге, өтініш субъектісінде басқа жағдайда белгісіздік туындауына, сол бәз бір конституциялық норманың нақты нұсқауын немесе нұсқауларын қолдану немесе орындауға байланысты болуы мүмкін.

Конституцияның сол бәз бір нормасы бойынша Конституциялық Кеңестің жаңа қаулысы, осы конституциялық нормаға қатысты бұдан бұрынғы қаулыға кереғар болмауға тиіс. Бұндай қаулы Конституцияның осы нормасын ресми түсіндіру жөніндегі Конституциялық Кеңестің бұдан бұрынғы қаулысының құқықтық позициясын толықтыруы және дамытуы мүмкін.

Конституцияның K951000_ 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы және 74-бабының 3-тармағы тиісінше Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру құқығын және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі шешімдерінің нормативтік сипатын баянды етеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08 N 9; 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.

Баяндалғанның негізінде, және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 1-бабын, 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, сондай-ақ 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Алынып тасталды – ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08 N 9 Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_ 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру құқығы тек Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне ғана берілгенін білдіреді.

Конституция нормаларының мазмұнын түсіндіре отырып, Конституциялық Кеңес, олардың сөзбен берілуін, Конституция нормаларының оның жалпы ережелері мен принциптерімен қисынды түрде байланысуын және қабаттасуын ескереді.

3. Конституцияның 74-бабы 3-тармағы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің шешімдері жалпыға бірдей заңдық күшке ие және кідіріссіз күшіне енеді дегенді білдіреді.

Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктілігі - бұл шешімнің заңдық күшінің ажыралмас қасиеті, ол өтініш келіп түскен мәселеге байланысты қорытынды қаулы қабылдау арқылы конституциялық іс жүргізудің аяқталғанынан айғақ береді. Өтініш субъектілерінің оған шағымдану мүмкіндігі Конституцияда көзделмеген.

Конституциялық Кеңестің сол бәз бір Конституция нормаларын түсіндіру мәселелері жөніндегі қаулылары бір-біріне кереғар болмауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес, осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

5. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы*